

Қамысты аудандық мәслихат шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2016 жылғы 18 мамырдағы № 28 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қамысты аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 411 "Қамысты аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6159 тіркелген, 2016 жылғы 31 наурызда "Қамысты жаңалықтары - Камыстинские новости" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

В. Маркевич

Қамысты аудандық

Мәслихатының хатшысы

С. Қыстаубаева